



Bastau



№ 10 (1270)

10 наурыз 2023 жыл

Жұма

Бикен Римованың туғанына 100 жыл

Бикен Римова бұрынғы Талдықорған облысы Қаратал ауданы, қазіргі Қанабек ауылында 1923 жылы 1-ші қаңтарда қарапайым отбасында дүниеге келген. Бикен Римова екі шешенің, бір әпкенің қамқорлығында болды. Сердалы қарияның Қаспақбай, Ырым атты ұлдары болған. Ырымға қарағанда ағасы Қаспақбай дене бітімінің орасан зор болуымен ерекшеленіп, тіпті қарапайым елді таңдандырып жүретін көрінеді. Алла алдындағы бір парызын өтеу үшін Сердалы қарт 1912 жылы Меккеге аттанып, құлшылығы тамамдалғаннан кейін Ташкентке жеттік деп ұлдарына хабар береді.

Би апаның биік тұлғасы

Мұны естіген ағайындылар әкесін күтіп алмақ болып Верный қаласына барады. Сонда Қаспақбай қалың елдің көзіне түсіп, дертті болған. Көптің айтуынша көз тиген екен. Осы дерттен бір оңала алмай қойған Қаспақбай араға аз жыл салып көз жұмады. Оның бәйбішесі Ығыш жесір қалғандықтан, Ырымға әйелі Дәмештің үстіне әмеңгерлікпен қосады. Сөйтіп, Ырым жеңгедей жары болған Ығыштан жалғыз Бикенді сүйеді. 1939 жыл Бөрлітөбе аудандық орта мектебінің жетінші сыныбын тамамдаған Бикен Алматыға барып, есеп-кредит техникумының экономика факультетіне түседі. Жарты жылдан соң бұлоқу-ды тастап, театр көркемсурет училищесіне ауысады. Театр училищесінде оқып жүрген шағында шешесі Ығыш қайтыс болады. Әкесінен 7 жасында, шешесінен 17 жасында жетім қалған. Б. Римова өмір ауыртпалығын көп көргендіктен ерте есейді.

«Балалық шағым жеңіл өткен емес», – деп естелік қалдырған Бикен Римованың «өнердегі өнегелі өмірлер» атты кітабын оқыған зерделі қауым бұл сөздің ақиқат екенін біледі. Халқымыздың мақтаншына айналған Бикен апамыз қазақ театрының іргетасын қалауға үлкен үлесін қосқан. Қазақтың бүкіл болмысын бойына сіңіріп, сол арқылы өнерге келген. Киелі сахнаның қыр-сырына қанығып, көзі ашық сан мыңдаған көрерменнің көңілінен шығарлықтай образды нанымды етіп бейнелей білу – актрисаның ерен еңбегінің, тынымсыз ізденісінің жемісі екені сөзсіз. М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында жұмыс істеді. Осы театр сахнасында 60 жылға жуық өмірін өнерге арнаған талантты актриса театр сахнасында қазақ және шетелдік драматургтерінің пьесалары бойынша 170-тен астам рөлдерді сомдаған. Тұңғыш ойнаған рөлі – Ф. Мүсіреповтің «Ақан Сері - Ақтоқты» трагедиясындағы Мәрзияның рөлін сәтті алып шыққан. Ол көптеген рөлдерді орындауымен қатар, қазақ сахнасында замандастар образын жасауға елеулі үлес қосқан тұлға. Ол «Тақиялы періште», «Менің атым – Қожа» телефильмдерде, «Тоғысқан тағдырлар» сериалында және т.б. алғашқы отандық телехикаяларда ойнады. Актрисаның жүріп өткен шығарма-шылық жолы, тыныс – тіршілігі, айналасын жасаған қарым-қатынасы келер ұрпақ үшін үлгі өнеге. Бикен Ырымқызы – «Абай - Әйгерім», «Қос мұңлық» сынды пьесаларды дүниеге әкелген драматург. Сонымен қатар ол әдебиет әлемінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды. «Еңлік-үлім», «өнердегі өнегелі өмірлер» атты қос кітаптың авторы. Киелі сахнаның қыр-сырына қанығып, көзі ашық сан мыңдаған көрерменнің көңілінен шығарлықтай образды

нанымды етіп бейнелей білу – актрисаның ерен еңбегінің, тынымсыз ізденісінің жемісі екені сөзсіз. Бикен Римова қолына қалам ұстай білетін дарындардың бірі еді.

Талдықорған театры 2000 жылы 31 тамызда Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бикен Римованың есімі берілді. Сонымен қатар Қаратал ауданында біздің мектебімізге 2015 жылы 27 ақпанда Бикен Римованың есімі берілді. Бикен Римованың 100 жылдығына орай мектепте іс шаралар өтуде, сонымен қатар мектеп кітапханасында «Сахна саңлағы Бикен Римова» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, арнайы бұрыш жабдықталды.



Көрмені ұйымдастыру мақсатымыз оқушыларға Бикен Римованың өмірімен шығармашылығы туралы таныстыру, өнегелі өмірін үлгі ету. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мухаметжанова Ж.У мектеп сахнасына арнап «Бикен өткен белестер» атты қойылым жазып, оқушылар қойды. Бикен рөлінде ойнаған Мақсатқызы Нұрай мен Отан Аружан көрермендер алғысына бөленді. өнері мен ұлағатты өмір құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ мектеп кітапханасынан Бикен Римова жайлы деректер мен кітаптарды оқып ой бөлісті.

Сегіз қырлы, бір сырлы майталмандардан өнеге, тәлім, ала жүріп, Бикен Римова сол өнеге тілім-тәрбиесін кейінгі ұрпаққа үлкен ұстаз ретінде үйрете білген зерек жан. Сахнадан алпыс жылға жуық уақыт көрерменмен сырласқан, сыр ұқтырған заманымыздың бірегей өнегелі Бикен Римованың есімі, оның ойнаған кейіпкерлері, адами әлемі, жазып қалдырған мұралары халық есінде ұмытылмастай болып сақталып қалды.

«Б. Римова атындағы МДШО бар ОМГ», КММ кітапханшылары Ж. Дюсембекова, Э. Мунайпасова

Жұмыспен қамту – мемлекеттік қызмет көрсету

Азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру және халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың алға қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында, халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеп жүрген азаматтар мен жұмыссыздарға жұмыспен қамтудың белсенді шараларын тарту бойынша мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №259 бұйрығы негізінде «ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРГЕН АДАМДЫ ТІРКЕУ» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін «ЭЛЕКТРОНДЫ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ» (www.enbek.kz ақпараттық порталында) ақпараттық порталы арқылы «ЖЕКЕ КАБИНЕТінде» дербес деректерін көрсете отырып, ЭЛЕКТРОНДЫ ЦИФРАЛЫҚ ҚОЛТАҢБАСЫмен электронды форматта мемлекеттік қызметті алуға өтінім бере алады. Ақпараттық порталда мемлекеттік қызмет алушы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу АВТОМАТТЫ түрде жүзеге асырылады.

Ақпараттық портал жұмыс іздеп жүрген адамға жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы ХАБАРЛАМАНЫ «Электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталындағы «ЖЕКЕ КАБИНЕТінде», сондай-ақ ұялы байланыс абоненттік құрылғысына хабарлама беру арқылы жібереді. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеушіге 3 жұмыс күні ішінде лайықты жұмыс таппаған жағдайда, порталда мемлекеттік қызмет алушыға «ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ТІРКЕУ» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

автоматты түрде жүзеге асырыла отырып, қызмет алушыға «ЖҰМЫС-СЫЗ» статусы беріледі. Мемлекеттік қызмет алушының жұмыспен қамтудың белсенді шараларға қатысуға мүмкіндігі бар. Есептік кезеңде жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеуші ретінде 769 азаматқа, жұмыссыз ретінде 577 адамға мемлекеттік қызметтер көрсетілді. Жұмыссыз ретінде танылған мемлекеттік қызмет алушылардың 503-і жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысу арқылы қосымша мемлекеттік қызмет көрсетілді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында тұрғындар арасында жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыссыздарға жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамту мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша ақпараттық парақшалар таратылса, орталыққа келген азаматтармен жеке қабылдаулар жүргізіліп тұрады. Қызмет алушылар үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сапалы әрі уақытылы көрсету біздің басты міндетіміз.

Анықтама үшін: 21248, 21839, 21183, 222847, 79078 телефондарына хабарласуларыңызға болады.

А. КИЛТБАЕВА, халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

ЮРИДИЧЕСКАЯ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Согласно Конституции Республики Казахстан каждый имеет право на получение квалифицированной юридической помощи. Поскольку не все граждане обладают юридическими знаниями, для защиты своих прав и интересов, они прибегают к помощи профессиональных юристов – адвокатов и юридических консультантов, которые выступают в судебных и иных органах в качестве представителей.

В соответствии с Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан полномочия представителя должны быть выражены в доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законом. Для оформления доверенностей граждане обращаются к нотариусам. Однако в отдельных случаях некоторые нотариусы неправомерно отказывают в удостоверении доверенностей. Одним из таких случаев является наложение судебными исполнителями ограничений в совершении нотариальных действий. Однако подобные отказы нотариусов неправомерны и противоречат законодательству, в том числе и статье 13 Конституции РК. В связи с этим, если нотариус отказывает в удостоверении доверенности по указанной причине, гражданин имеет право потребовать от нотариуса постановления об отказе в совершении нотариального действия. Получив постановление, гражданин вправе обжаловать действия нотариуса в суде.

М. МАГАМАДОВ, юридический консультант

Бала тәрбиесі - баршамызға ортақ

Халқымыздың сан ғасырдан бері даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты-балада» деген екен. Кез келген адам бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі данқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсіген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады.

Ол-бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер - жаңында тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «Жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып

жатады. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзін жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Баланың жақсы ісін ұқыпты орындауына бағыт беру керек. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дәрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя



алмау ата-ананың беделін түсіреді. Ата-ана-бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де, балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені дұрыс. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. -3 баласымен ашық сөйлесе алмай сырласа білмейтін ата-аналар. Біз жұмыстамыз, үй шаруасынан да қолымыз тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ «дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше үл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмаса. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы болған теріс әсер етеді.

Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Яғни, балаға туғаннан тән азығы-тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтын белгілі жәйт. Мұны мұғалім де, ата-ана да естен шығармағандары жөн.

К. САЛАХОВА, Қаратал ауданы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері